

## Цифрлық технологияны енгізу – өндіріс үшін маңызды

Қыркүйектің 13-і күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен цифрландыру мәселелері жөніндегі республикалық кеңес өтті. Кеңеске мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың жетекшілері, Парламент депутаттары, шетелдік ірі кәсіпорындар мен компаниялардың өкілдері қатысты. Шараны Ақпарат және коммуникациялар министрлігі мен «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі АҚ ұйымдастырды.



Елбасы іс-шара алдында түрлі бағыттар бойынша 30-дан астам IT-жобалар қойылған арнайы әзірленген көрмені аралап көрді. Көрмеде «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ активтерінде 2016 жылдан бастап енгізіле бастаған «Цифрлық кен орны» бағдарламасы пилоттық жобасы туралы таныстырды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Уаз кен орнында «Цифрлық кен орны» жобасы 2015 жылы қолға алынып, 2016 жылдың басында іске қосылды. Бүгінде осы кен орындағы игеруді Атыраудағы технологиялық процестерді басқару орталығынан 350 шақырымнан астам қашықтықтан басқару мен бақылауға болады. Цифрлық технологияларды енгізу нәтижесінде өндіріс оңтайландырылды, ұңғымалардың өнімділігі артты және кен орынның игерілуін басқару жақсарды. Жобаны енгізу өз тиімділігін

көрсетті. Нәтижесінде кен орындағы қосымша мұнай өндіру 3%-ға ұлғайды, ұңғыманың жұмысын қалпына келтіру уақыты 15%-ға қысқарды. Ал, ұңғымалардың жөндеуаралық кезеңі 15%-ға ұлғайып, электр энергиясын үнемдеу 20%-ға артты. Ұңғымаларды жөндеуге жұмсалған шығындар 10%-ға азайды.

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ кен орындарында «Цифрлық кен орны» бағдарламасын енгізуді іске асыру аясында ҚМГ БӨ бойынша жалпы жылдық деңгейде мұнай өндіру 80% құрайтын 14 кен орнына тарату жоспарлануда. Жобаны енгізудегі мақсат – кенорынды игеруге онлайн режимінде мониторинг жасау, интеллектуалды технологияны қолдану есебінен кәсіпшілік жабдықтар жұмысын оңтайландыру, операциялық шығындарды қысқарту, онлайн режиміндегі деректер негізінде мұнай есебінің жүйесін құру болып отыр. 5 жыл ішінде интеллектуалды басқару станцияларын

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ компаниялар тобында 6 мыңға жуық ұңғымаға енгізу жоспарлануда.

Алғашқы енгізу «Ембімұнайгаз» АҚ және «Қазгермұнай» БК» ЖШС кен орындарында жүзеге асырылады, сонымен қатар «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Қаражанбасмұнай» АҚ кенорындарына тарату жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, онлайн режимінде мұнай өндіру және тасымалдау барысына бақылау жүргізуге және дерек алуға мүмкіндік беретін визуализациялық орталық жабдықталатын болады. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ келешегі бар негізгі 14 кен орнына «Цифрлық кен орны» бағдарламасын тарату ұңғымалардағы табиғи төмендеу коэффициентін қысқартуға және мұнай өндіруді тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Жиында Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және инновациялар саласындағы сарапшылар баяндама жасады.

Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын таныстыру барысында айтылған мәліметтерді ескеріп, еліміздің экономикасын дамыту үшін цифрлық технологияларды қарқынды енгізудің маңыздылығын атап өтті.

– Біз тәуелсіздік жылдары ішінде әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына қосылдық. Қазір озық дамыған 30 елдің қатарына ену міндеті тұр. Ол Қазақстаннан жаңа инновациялық дамуды және жедел технологиялық жаңғыруды талап етеді. Сондықтан мен осы жылдың басында Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда Үшінші жаңғыру жөнінде жарияладым. Оның негізгі басымдықтарының бірі – цифрландыру болып табылады, – деді Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы цифрландыру кәсіпорындар мен жалпы еліміздің бәсекеге қабілеттігін, сондай-ақ халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін қажет екенін айтты.

### Бүгінгі санда:



Еңбегімен елеулі  
«Ембімұнайгазға» –  
95 жыл  
**3,5** »



Арнайы техника  
тапсырылды  
**4** »



Құрылысшылар  
марапатталды  
**6** »

## ҚҰЛАҚТАНДЫРУ! Кері байланыстың жаңа арналары ашылды



«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобында өлеуметтік хал-ахуалаға мониторинг жасау мақсатында кері байланыс жүйесі өз жұмысын бастағанын хабарлаймыз. Қызметкерлер өздерін толғандырған мәселелер бойынша орталық аппараттың атына:

- WhatsApp арқылы, **+7 700 700 29 99** телефон нөмеріне мәтіндік, аудио немесе бейне сауал және шағымдарын қалдыра алады;
- **social@kmgep.kz** электрондық поштасына да хат жолдай алады.





## Тағайындау

**Дәулетжан Кеңесұлы Хасанов**  
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Барлау және өндіру активтерін басқару жөніндегі басқарушы директоры болып тағайындалды.



Бұл қызметке дейін «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры болып қызмет етті. Еңбек жолында «Қаражанбасмұнай» АҚ президенті, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ басқарушы директоры, «Ұңғымаларға қызмет көрсету және технологиялық транспортты басқару» ЖШС бас директоры, сондай-ақ «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Ембімұнайгаз», «Каспий Нефть-ТМЕ» АҚ, «EuroAsia Group» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазақойл-Ембі» ААҚ, «Қазақтелеком» ААҚ, «Теңіз» АҚ компанияларында жауапты, лауазымды қызметтер атқарды.



**Медет Сәпиұлы Кәрім**  
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Еңбек пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры болып тағайындалды.

Бұған дейін «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары қызметін атқарды. Мұнай-газ жүйесіндегі Экономика және Менеджмент саласында MBA және DBA дәрежелеріне ие.

Еңбек жолын «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай өндіру операторынан бастап, осы аталған басқарманың басшысы лауазымына дейін көтерілді. Саладағы ұзақ жылғы қызметінде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ басшылық буындарында еңбек етті. «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директоры қызметін атқарды.



**Әлнұр Садуахасұлы Шәмшиев**  
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Мониторинг және өндірісті жедел басқару департаментінің директоры болып тағайындалды.

Бұл қызметке дейін «Қазгермұнай» БК» ЖШС-де Өндірістік-техникалық департамент директоры болып еңбек етті. Мұнай-газ жүйесіндегі Экономика және Менеджмент саласында MBA дәрежесіне ие. Саладағы көп жылғы қызметінде «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ мұнай өндіру операторынан бастап, «Ембімұнайгаз» ААҚ, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ жауапты буындарына дейінгі еңбек жолынан өтті.

**Айдос Жеңісұлы Құрманқұлов**  
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Барлау және өндіру активтерін басқару жөніндегі департамент директоры болып тағайындалды.



Бұл қызметке дейін ҚМГ БӨ Мониторинг және өндірісті жедел басқару департаменті директорының орынбасары болып қызмет етті. Еңбек жолын «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ «Октябрьскнефть» мұнайгаз өндіру басқармасында инженер-технолог болып бастады. ҚМГ БӨ-де 2008 жылдан бері еңбек етеді. Осы уақытқа дейінгі аралықта бірлескен жобаларды басқару департаментінің инженері, аға инженері, директордың орынбасары қызметтерін атқарды.

# Еңбек ұжымын құттықтады



Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев орталық аппарат ұжымын құттықтап, сібегімен елген қызметкерлерге ҚР Энергетика министрлігінің, «Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ-ның атынан берілген және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамоталары мен Алағыс хаттарды салтанатты жағдайда табыстады.

«Біздің ұжымда геологтар, қаржыгерлер, экономистер және басқа да көптеген мамандық иелері жұмыс істейді. Бәріміздің бірге атқарып отырған қызметіміз, еңбегіміз бен біліміміз, күш-жігеріміз «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниясының дамуы,

өркендеуі жолындағы мақсаттарға арналған. Мұнайшылар күні – біздің ортақ мерекеміз. Бұл біздің бір-бірімізді құттықтап, ортақ істерімізді талқылауға, нәтижелер туралы бөлісуімізге де жақсы мүмкіндік», – деп айта келе, Компания басшысы жыл басы-

нан бері атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталып өтті. Қол жеткен жетістіктер үлкен еңбек ұжымының кәсіби шеберлікпен, ынтымақ-бірлікте атқарып жатқан қызметінің нәтижесі екенін атап айтты.

## «Өзенмұнайгаз» 2017-2019 жылдарға арналған Ұжымдық шартты қабылдады



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының, «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің және «Өзенмұнайгаз» жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған Ұжымдық шарт қабылданды.

Еңбек ұжымдарында талқылаудан өткен Ұжымдық шарт жобасы Жұмыс беруші және Кәсіподақ комитеті мүшелерінен құралған біріккен комиссияда қаралып, құжат бекітілді.

Тараптар мақұлдаған құжатқа «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Өзенмұнайгаз» жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі тарапынан қол қойылды.

## Жаңа балабақша ауыл тұрғындарын қуантты

Атырау облысы Исатай ауданының Х.Ерғалиев ауылында 100 орындық «Айжұлдыз» типтік үлгідегі жаңа балабақша ашылды. Жаңа нысан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның демеушілік қаржысына салынды. Балабақша толықтай қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтаған.



Тапсырыс беруші «Бизнес-көмек» әлеуметтік жобаларды қолдау қоры. Мөрдiгер мекеме «ГТЭС Строй» ЖШС. Балабақша қазiр толықтай 100 баланы қамтып отыр. Мекемеге 45 ауыл тұрғыны жұмыспен қамту орталығы арқылы қызметке орналасқан.

Бұған дейін Х.Ерғалиев ауылында бір балабақша жұмыс жасаған. Онда 50 бала қамтылған еді. Жаңа балабақшаның іске қосылуы ауыл тұрғындарына үлкен қуаныш сыйлады.

Жаңа нысанның лентасын Исатай ауданының әкімі Марат Мурзиев және

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Әлеуметтік саясат және шаруашылық қамтамасыз ету департаментінің аға маманы Мұратбек Маханов қиды. ҚМГ БӨ өкілі М.Маханов ауыл тұрғындарына Компания басшылығының жылы лебізін жеткізіп, балабақша өрендеріне игі тілектерін білдірді.



➤ Биыл қазақ мұнайының «қара шаңырағы» «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының құрылғанына 95 жыл толу мерекесі аясында көптеген шаралар ұйымдастырылды. Ғасырға жуық уақыттан бері елдің дамуына ерен еңбегін қосып келе жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің мерейтойын лайықты жетістіктермен қарсы алды. Компания жаңа техника және технология жетістіктерін өндіріске енгізіп, нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Уз кен орнында интеллектуалды кен орны тұжырымдамасы іске асырылуда. Биыл компания ірі жоба — Прорва кен алаңында жаңа зауыт — газды кешенді дайындау қондырғысын іске қосты. Компания өндірісін дамытып, өнімнің дамуына да септігін тигізіп келеді.



## ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕУЛІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗҒА» — 95 ЖЫЛ!



Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ орталық кеңсесінде Компанияның құрылғанына 95 жыл толуына арналған салтанатты жиын өтті. Шараға Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы С.Мыңбаев, «KAZENERGY» Қауымдастығы төрағасының орынбасары Ұ.Қарабалин, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры Қ.Есқазиев, ЕМГ бұрынғы басшылары, сала ардагерлері мен Компания қызметкерлері қатысты.

Өз құттықтау сөзінде Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев «Бүгін тарихи күн. Алдыңғы буын ағалардың салған сара жолы қазір жарасымды жалғасын тауып келеді. Бұл ембілік мұнайшылардың қоғамның, еліміздің өркендеуіне «қара алтынды» өндірумен ғана емес, рухани дамуға да қосып жатқан үлесі деп білеміз. Біз бірігіп Елбасы жүктеген міндеттерді орын-

даймыз» — дей келе, мұнайшыларға деген ізгі тілектерін білдірді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев өз сөзінде Қазақстанның мұнай саласының дамуына қосқан ембілік мұнайшылардың еңбектерін жоғары бағалады:

— Ембілік геологтар Батыс Қазақстан аймағындағы ең ірі көмірсутек шикізаттары көң орындарын ашуда үлкен еңбек сіңірді. Соның арқасында мұнай-газ саласы ел экономикасы дамуының локомотиві саналып келеді. Бүгінге дейін игеріліп жатқан Өзен, Маңғышлақ, ембілік кен алаңдар және әлемдегі ең үлкен жобаның бірі саналатын Теңіз — «Ембімұнайгаз» геолог-мұнайшыларының ер еңбегінің жемісі.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев «Ембімұнайгаз» компаниясының ел дамуына қосып жатқан үлесі мен мұнай өнеркәсібінің негізін қалаған ардагер аға буын өкілінің еңбектеріне айрықша тоқталды.

— Ембінің ұзақ жылғы тарихында мұнай өндіру мен геологиялық зерттеу барысында үлкен тәжірибе жинақталды. Мұнайшы-еңбекші әулеттері мен талантты қазақстандық мамандар, білікті басшылар қалыптасты. Бүгінде «Ембімұнайгаз» — келешекке үлкен сеніммен қарайтын мұнай компаниясы. Компаниямызда ең басты құндылық — адам екенін атап өткім келеді. Мұндай ұжыммен біз алға қойылған барлық міндеттерді орындайтынымызға сенемін, — деп атап өтті өз сөзінде ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков.

Компания былтыр 2 млн. 832 мың тонна мұнай өндірген. Кәсіпорын өндіріс шығындарын оңтайландыру және еңбек тиімділігін арттыру мақсатында бірнеше пилоттық жобаларды іске қосқан. Ал, мұнай қондырғыларын жаңарту арқылы өндіріс көрсеткішін тұрақтандырып, еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік

ережелерін сақтауға қол жеткізіп отыр.

Соңғы төрт жылда кәсіпорын республикалық және жергілікті бюджетке салық түрінде 625 млрд. теңгеден астам қаражатты, Атырау облысының инфрақұрылымын дамытуға 1,7 млрд. теңге қаржыны және осындай соманы демеушілік және қайырымдылық шараларына аударған.

Шара барысында еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға үлесін қосқан компанияның ардагерлері мен бұрынғы басшылары ҚР Энергетика министрлігінің мерекелік медалімен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның төсбелгісімен марапатталды.

Салтанатты жиын концерттік бағдарламаға ұласты. ЕМГ мерейтойына орай «Махамбет-Исатай» орталық алаңында атыраулықтар алдында қазақ эстрадасының жұлдыздары өз өнерлерін көрсетті.

## Сыйға автокөлік берілді

«Ембімұнайгаз» орталық кеңсесінде еліміздің мұнай-газ саласын дамытуда еңбегін аямаған Компанияның көптеген үздік жұмысшыларын марапаттау рәсімі өтіп, оларға «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі мен «Ембімұнайгаз» АҚ — 95 жыл» мерекелік медалі, ҚР Энергетика министрлігінің, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ естелік белгісі және ЕМГ «Алғыс хаты» салтанатты

түрде иелеріне табысталды. Сондай-ақ, Компания атынан алты үздік мұнайшы-жұмысшыға автокөлік кілттері тарту етілді. Атап айтсақ, барлығы 40 адам марапат иесі атанып, марапатталса, оған қоса тағы да 6 байырғыдан келе жатқан жұмысшыға «Нива-Шевролет» автокөлігі табыс етілді. Бұл ұзақ жылдар бойы жаздың аптап ыстығы мен күздің жаңбыры және қыстың қытымыр аязында далада жүріп, тер төге еңбек еткен мұнайшыларға жасалып отырған ізет пен құрмет еді.



### Қаженбай Әбдікәрімов.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ Жаңаталап цехының мұнайды дайындау және айдау операторы:

— Мұнайшы мамандығы білім мен біліктілікке қоса, шыдам мен төзімділікті қажет ететін сала. Осы сүйікті мамандығымға 40 жылымды арнадым және соны мақтаншы етемін. Өйткені адам қалай да еңбектің рахатын көреді. Соның бір куәсі осы автокөліктің берілуі. Компанияға және басшыларға көптен көп рахмет. Мұнайымыз таусылмасын, еліміз өркендей берсін!



# КӘСІБИ МЕРЕКЕНІ ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне байланысты «Өзенмұнайгаз» АҚ-да салтанатты жиын болып өтті. Жиынға компания басшылары, слобк ардагерлері және қызметкерлері қатысты.

Бас директоры Бекзат Абайылданов Қазақстанның мұнай саласының дамуына, ел экономикасының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосып келе жатқан өзіндік мұнайшылардың кәсіби мерекелерін лайықты жетістіктермен қарсы алып отырғандығына тоқталып өтті.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы ел өндірісін дамытып қана қоймай, өңірдің дамуына да айтарлықтай септігін тигізіп отыр. Келе-



шекке үлкен сеніммен қарап отырған мұндай ұжыммен біз алға қойылған барлық міндеттерді орындайтынымызға сенімдімін, – деді ол өз

сөзінде. Шара барысында еліміздің мұнай-газ саласын дамытуда үлес қосқан бір топ компанияның қызметкерлері «Өзенмұнайгаз» АҚ Құрмет

грамотасымен, Алғыс хатымен, Маңғыстау облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, Кәсіподақ ұйымының алғыс хаттарымен марапатталды.



## Арнайы техника тапсырылды



Мұнай-газ өнеркәсібі қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты транспорттық басқармаларға арнайы техниканың кілті табысталды. Бұның бәрі мұнайшылардың еңбек жағдайын жақсарту, өндірістік саланы дамыту мақсатында жүзеге асырылуда. Мерекелік шара Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасында өтті. Салтанатты жиында «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов құттықтау сөз сөйлеп, арнайы техниканың кілтін салтанатты түрде көлік жүргізушілерге табыстады.

– Биылғы жоспар бойынша «ӨМГ» АҚ-ға қарасты 8 транспорттық басқармаларға, атап айтқанда, №1, №2, №3, №5 СКҚБ, ТТБ, ХжЭБ, АжТБ, БЖБ мекемелеріне 124 техника тапсыру жоспарланған. Бүгінгі шарада сол 124 көліктің 71-і тапсырылып отыр. Қалған техника жылдың соңына дейін тапсырылады, – деді «Өзенмұнайгаз» АҚ Транспорт департаментінің директоры Болат Бекжанов. Айта кететініміз, арнайы техникалар отандық тауарлар екен. Ауыр жүк көліктері Көкшетау қаласында орналасқан «Камазинжиниринг» АҚ және Петропавл қаласындағы ауыр машина жасау зауытынан алынған.



## Ат бәйгесі өтті

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының демеушілігімен, «Арман тұлпарлары» Жаңаөзен ат федерациясының ұйымдастыруымен бәйге өткізілді. Бәйгеде аламан, тай, құнан шабыстарына қатысқан небір желмен жарысқан сәйгүліктерге мінген шабандоздар меже сызығын бірінші болып кесуге бар күш-жігерін салып бақты.

Шарада сөз сөйлеген бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров бәйгеде ұлттық намыс, ұлттық рух бар екендігін айтты. «Жаны да, жүрегі де қазақ деп соққан бәйге ұйымдастырушыларына Алланың нұры жаусын», – деді ол. Топ жарған жүйріктердің иелері диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



## Жарайсың, «Жайдарман»!

Мұнайшылар мерекесіне орай, «Мұнайшы» мәдениет сарайында «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты басқармалар қызметкерлерінен құралған 13 команда қатысқан «Қара алтын – байлығым!» тақырыбында «Жайдарман» ойынының кезекті туры өтті.

Ойын нәтижесінде, №1,3 МГӨБ, №3СҚКБ, ӨЭМБ, ӨТҚЖЖБ, АжТБ, ТТБ, БЖБ құрама командалары ақтық мәреге жолдама алды. Мазмұнды ұйымдастырылған шара жоғары деңгейде өтті.



## «3-бетте»

## Үздік мұнайшы отбасы анықталды

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылғанына 95 жылдық мерейтойына орай «Атырау» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде Компания тарихында тұңғыш рет «Алтын ұя» отбасылық-спорттық сайыс өтті. Бұл жарысқа Компанияға қарасты басқармаларда еңбек ететін мұнайшылар қатысып, өз жанұяларымен бірге бақ сынады.

Жарыстың ашылу салтанатында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков қатысушы командаларға сәттілік тіледі. Жеті кезеңнен тұрған сайыста сегіз команда бақ сынасып, өзара мықтыны анықтады.

Дода қорытындысымен «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының операторы Мұхаммедрахим Оралбековтың жанұясы жеңіске жетіп, жүлделі атанды. «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының операторы Ғарифолла Көшелековтің отбасы II орынды, «KMG EP-Catering» ЖШС-нің шебері Нұрхан Жанжігітовтің отбасы III орынды иеленді. Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық аппараты Кәсіподақ ұйымының жетекшісі Болат Нысанбаев қатысушы командаларды құттықтап, ескерткіш сыйлықтарын табыстады.



Махамбет Өтемісұлы атындағы облыстық қазақ драма театрында «Ембімұнайгаз» АҚ құрылғанына 95 жыл толуына арналған «Ембімұнайгаз – қазақ мұнайының қара шаңырағы» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Айтысқа Айнұр Тұрсынбаева, Балғынбек Имашев, Жәкен Омаров, Нұрлан Мұсаев, Сара Тоқтамысова, Жандарбек Бұлғақов, жерлес мұнайшы-ақындар Салауат Исахаев пен Сырымбек Сарсембаев қатысты. Айтысқа көрермен ретінде Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков, Компанияға қарасты барлық басқарма ұжымдарының өкілдері және ардагер-мұнайшылар қатысты. Жыр додасын республикалық аламан айтыстардың жеңімпазы, айтыскер ақын Саадат Нұрманов жүргізіп отырды. Ұлттық өнерімізді дәріптеген жергілікті халық рухани сусындап, айтыстан үлкен әсер алды.

Алғашқы айтыс жергілікті ақын, әрі мұнайшы Сырымбек Сәрсембаев пен сөз сайысының саңлағы астаналық Жандарбек Бұлғақовтың

## Айтыскерлер Ембі мұнайын жырға қосты



арасында өрбіді. Ақындар екеуара әзілдесіп қана қоймай, әлеуметтік мәселелерге де тоқталды. Атыраудың мұнайы елімізді өтпелі кезеңде дағдарыстан құтқарғанын айтып сөз додасын бастаған Сырымбек өзінің қызмет орны «Ембімұнайгаз» кәсіпорнын мерейтойымен құттықтап, мұнайдың арқасында Атыраудың гүлденгенін жырмен жеткізді. Кейінгі жұптар маңғыстаулық Нұрлан Мұсаев пен астаналық Сара Тоқтамысованың, Жәкен Омаров пен жергілікті ақын мұнайшы Салауат Исахаевтың арасындағы айтыс та көпшіліктің есінде қалды. Өнер кешінің соңын Балғынбек пен Айнұр шоу айтыспен түйіндеп, ақындардың бағасын халық қошемет арқылы берді. «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков ақындардың иығына компанияның атынан шапан жауып, камзол кигізіп, көрерменге рухани демалыс сыйлаған өнерпаздарға мұнайшылардың алғысын білдірді.

## Ұшқырлық пен ұтқырлық сайысы



«Ұшқырлық пен ұтқырлық» атты мұнайшылар арасында өткен бәсекеде алты команда (мұнай өндіру басқармалары мен қосалқы бөлімшелері) бақ сынады. Мұндай шара тұңғыш рет ұйымдастырылды. Мақсат тек мерейтойды атап өту ғана емес, сонымен бірге, компания ұжымдарының ұйымшылдығын арттыру, жас мамандарға қарт Ембінің тарихын насихаттау. Тартысты дода «Таныстыру», «Өнер» және «Білім» атты үш кезеңнен тұрды. Алдымен, әр команда өздері қызмет ететін басқарма жұмысы, оның кешегісі мен бүгінгісі сыр шертті. Келесі кезекте олардың бойындағы ерекше қасиеттері мен өнері сыңға түсті. Бұған команда мүшелері түгелдей атсалысты. Олар

өуелетіп өсем ән де салды, мың бұрала би де биледі, жырдан шашу да шашты, домбырамен күй де шертті. Қатысушылар өз ойларын түрлі көріністер арқылы да шебер жеткізе алды. Ең күрделісі – білім сайысы болатын. Бірақ, мұнайшылар бұл сыннан

да сүрінбей өтті. Олардың көбі өздеріне қойылған сұрақтарға бір минут ішінде мүдірмей жауап бере білді.

Бас жүлдені ең жас, ең креативті команда деп танылған «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы жеңіп алды. Екінші орынды «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы иеленсе, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы үшінші орынды қанағат тұтты. Аталған қос ұжым да қаржылай марапатқа ие болды. Шара соңында сахнаға көтерілген белгілі айтыс өнерінің майталмандары – Айнұр Тұрсынбаева мен Жандарбек Бұлғақов кестелі сөзден өлең өрнектеп, жиналғандарды мерекемен құттықтады.



## «Қайнардағы» думан

Компанияның құрылғанына 95 жылдығына орай «Қайнармұнайгаз» кенішінің «Жамансор» базасында гала-концерт өтті. Мерекелік концертте ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков ғасырға жуық тарихы бар Компанияның жетістікке жетуінде жұмысшы мамандардың үлкен еңбегі жатқанын ерекше айтты:

– Біз үшін ең бастысы – жұмысшылар. Өйткені, Компания мұндай жетістіктерге үлкен еңбек ұжымының қажырлы қызметінің арқасында жетіп отыр. Сондықтан, сіздерге үлкен алғысымды білдіремін. Бүгінгі шара біздің мұнайшы-еңбекшілерімізге арналуда. Бүгін сол дәстүр «Қайнармұнайгаз» кенішінің «Жамансор» базасында жалғасуда. Біздің мақсатымыз – мұнайшылардың бірлігін арттыру. «Қайнармұнайгаз» – ең жас мұнай-газ өндіру басқармасы. Сондықтан да, оның болашағы әлі алда. Алдымызда тың жобалар мен ауқымды шаралар күтіп отыр. Бәріміз бірге атсалысайық.

Сондай-ақ, мұнайшыларды кәсіби мерекесімен және ЕМГ құрылғанына 95 жылдығымен Қызылқоға ауданының әкімі Мақсот Мұқанов құттықтады.

– Қызылқоға төрінде мұнайшылардың тойы бұрын-соңды болмаған. Осындай шараны ұйымдастырған Әнуар Еркінұлына алғысымды білдіремін. «Қайнармұнайгаздың» іске қосылуы арқылы ауданның да екінші тынысы ашылғандай болды. Бұрын ауданымыздың жастары көбіне ауыл шаруашылығы саласының мамандықтарын игерсе, қазір мұнай-газ саласына бет бұрған жастарымыздың қатары көбеюде, – деген аудан әкімі Мақсот Сайполұлы аталған мұнай-газ өндіру басқармасының бір топ қызметкерлерін марапаттады.

Кеште қазақ эстрадасының жұлдыздары Абай Бегей мен Айқын Төлепберген мұнайшыларға өз өнерлерін арнады.

## Қарашүңгіл, Доссор тарихымен танысты

«Ембімұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі жас мамандарға арнап экспедиция ұйымдастырды. Оның негізгі мақсаты – тарихи мұнай өндіру орындарын жастарға таныстырып, компанияның тарихын білуге тәрбиелеу. Сонымен қатар, облыстың әр өңіріндегі Компанияға қарасты мұнайгаз өндіру басқармаларындағы жастардың басын біріктіріп, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын және ұжым ретіндегі тұтастығын нығайту. Экспедиция қазақ мұнайының алғаш табылған жері – Қарашүңгілден басталып,

«қара алтын» өндірілген Доссор жерінде жалғасты. Мұнайшы жас мамандар тарихи деректермен танысып, мол мағлұмат алды. Сырға тұнған Қарашүңгіл жеріндегі сапарда әулие адамдардың жерленген жерінде болып, аруақтарға дұға бағыштады. Доссор өңірінде алғаш мұнай фонтаны атқылаған 3-ұңғыманың басында болды. Келесі күні экспедиция Қызылқоға ауданындағы «Қайнармұнайгаз» басқармасының кен алаңдарында болып, жаңа технологиялармен танысты. Жастар одан зор әсер және көп мағлұмат алды.





# Мамандықты шыңдау — уақыт талабы

➤ «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ ұйымдастыруымен «Кен-Құрылыс-Сервис», «ӨзенМұнайСервис» және «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері дәнекерлеушілерінің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында теориялық және практикалық бөлімнен тұратын тренинг өткізілуде.

Оқыту-тәжірибелік курсы биылғы жылдың тамыз айының 7-інде басталған болатын. 4 топ теориялық оқу курсы тәмамдады. Бесінші топ теория бойынша оқуды қыркүйектің 18-інде бастайды. Тәжірибе бойынша 2 топ оқуды аяқтады. 11 қыркүйекте 3-ші топ оқуды тәмамдады.

«Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС директоры Салтанат Ысқақов маңызды тренингті ұйымдастырған «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ-на жоғарыда аталған мекеме еңбек ұжымдарының атынан зор алғысын білдірді. ҚМГ БӨ мұнай сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор Айнұр Шәненова: «Жаңа технологияларды енгізу — қазіргі заман талабы. Сондықтан, «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ еншілес мекемелер мамандарының жаңа заманауи үлгідегі дәнекерлеу аппараттарымен жұмыс жасау үшін



оқыту шарасын іске асырып отыр. Қай мекеме бәсекелестікке бейім болса, сол мекеменің мәрежі үстем болады», — деді. 20 жылдан астам дәнекерлеуші болып жұмыс жасап келе жатқан «КҚС» ЖШС жұмыскері Сенбай Аман-

жолов «Жұмысым өзіме ұнайды. Қазіргі заман кез келген маман иесінен іскерлікті талап етеді. Бізге заманауи үлгідегі дәнекерлеуші аппаратта жұмыс жасауға үйрету үшін тренинг өткізіп жатқан компания басшылығына алғыстан басқа айтарымыз жоқ», — деді. 1979 жылдан бері қиын кәсіп иесі болып талмай жұмыс жасап келе жатқан Серікбай Қаржаубаев әрбір дәнекерлеуші өз ісінің маманы болғаны жөн десе, «СӨТБ» ЖШС-нің 5-дәрежелі электрогазбен дәнекерлеушісі Ауғанбай Тайманов «заман кез келген маман иесінен іскерлікті талап етіп тұр, сондықтан өзгелер жаңа технологияларды игеріп, ілгерілегенде біздің қарап жатуымыз жарамайды», — дейді.

Иә, Әлихан Бөкейхан айтпақшы, «ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды».



## Құрылысшылар марапатталды

➤ Құрылысшылардың кәсіби мерекесіне орай Жаңаөзен қаласының «Мұнайшы» мәдениет сарайында өткен салтанатты шарада сала мамандары марапатталды.

Жиынға Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Исахан Сағымбаев, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ-ның өндіріс және кен орындарын игеру жөніндегі басқарушы директор Қуанышбай Нұрғалиев, мұнай сервисінің жобалары департаментінің жетекші маманы Феликс Изекенов және «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның бас директорының орынбасары Мақсат Ибағаров қатысты.

Салтанатты жиынды «Кен-Құрылыс-Сервис» серіктестігі директоры Салтанат Ысқақов құттықтау сөзбен ашып, мекеменің жеткен жетістіктеріне тоқталды.

— Құрылысшы — адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық. Құрылыс индустриясы — экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. «Кен-Құрылыс-Сервис» серіктестігі «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру акционерлік қоғамының жалғыз құрылыс мекемесі. «Өзен» және «Ембі» кен орындарында құрылыс бойынша күрделі мәселелер шешімін тауып келеді. Жүктелген міндеттерді жыл сайын үлкен абыроймен атқарып жүрміз. Сондықтан, Сіздерге көрсетілетін құрмет те, айтар алғыс та мол, — деді «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің директоры Салтанат Ысқақов өзінің құттықтау сөзінде.

Құрылысшыларды төл мерекесімен құттықтаған Исахан Сағымбаев «Құрылысшылар жер бетіндегі бейбіт, жасампаз мамандықтың иесі деп білемін. Елбасымыз «Құрылыс — ел экономикасының локомотиві» деп атап көрсеткен еді. Бұл — құрылысшыларымыздың еңбегіне берілген зор баға. Сіздер қала экономикасына да сүбелі үлес қосып келесіздер. Барша құрылыс саласының қызметкерлерін айтулы мерекемен құттықтаймын», — деді.

Шара барысында жұмыста ерекше көзге түскен мекеме қызметкерлері де грамота және алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ, құрметті демалыстағы ардагерлерге алғыс хаттар беріліп, материалдық ынталандырулар жасалды.

Салтанатты іс-шара барысында «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС «Үздік маман-2017» кәсіби шеберлік байқауы бойынша жеңімпаздар марапатталды. Оларға басшылық тарапынан «Алғыс хаттар» табысталды.



«Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Әбдірахман Биманов: «Құрметті, байқау жеңімпаздары! Мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдап, жігерін жанитын байқау мамандардың білімі мен біліктілігін арттырады. Практикалық сайыс сіздердің жұмысыңыздың сапасын, ал теориялық сайыс өз мамандықтарыңыздың қаншалықты деңгейде меңгергеніңізді көрсетті. Үздік маман атану үлкен жауапкершілік жүктейді», — деді.

Сондай-ақ, жиында «Құрылысшылар» күніне арналған Спартакиада жеңімпаздары



дипломдармен, кубоктармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

— Спорт пен салауатты өмір салтын насихаттауға арналған спартакиада жеңімпаздарын жарқын жеңістерімен құттықтап, әрқашан осылай табыс тұғырына көтеріле беріңіздер деген тілек білдіреміз, — деді «Кен-Құрылыс-Сервис» серіктестік директорының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары Сабит Кулсариев.

Мерекелік шара ҚР Мәдениет қайраткері, белгілі сазгер Жалғас Кеңесовтың ән-шашуымен қорытындыланды.



## ЕР АЗАМАТ еңбегімен сыйлы

«Өзенэнергомұнай» басқармасында 37 жылдан бері табан аудармастан жұмыс жасап келе жатқан Әбіш Боранбаев 1954 жылы тамыз айында Форт-Шевченко қаласы Аташ кентінде карапайым шаруа отбасында дүниеге келді. 1968 жылы отбасы жағдайына байланысты әке-шешесі Жаңаөзен қаласына қоныс аударды.

Мектепті 1971 жылы бітірген жас бозбала арман арбасына мініп, Алматы қаласына жол тартып кетеді. Сол жылы ашылған энергетикалық институтқа қабылданып, оқу орнын 1980 жылы қалалар және өнеркәсіпті электр энергиясымен қамту мамандығы бойынша бітіреді.

Қолына диплом алған жас маман Жаңаөзен қаласына оралып, Мұнай өндіру басқармасының ПРЦ электр цехына 5-дәрежелі электр жөндеушісі болып орналасады. Осы жылы «Өзенэнергомұнай» басқармасы ашылып, білікті маман осы мекемеге ауысады. Өз мамандығы бойынша абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлік жасқа жақындаған Әбекең «Өмір деген қас-қағым сөт екен» — дейді күлімсіреп. Алғашқы еңбек жолын электр жөндеушісі болып бастаған ол цех орынбасары, техника қауіпсіздігі және өндірістік-техникалық бөлімде учаске бастығы, энергетика бөлімінде жетекші инженер, бас инженер жұмыстарын үлкен жауапкершілікпен атқарды.

Алыста қалған жылдарын ойға алған мақала кейіпкері сыйлас болған әріптестерін де сағынышпен еске алды. «Мені алғаш жұмысқа қабылдаған Дәрмен Бекімов аға бүгінде Атырау қаласында тұрып жатыр. Энергетик мамандығының қыр-сырын үйретіп, менің маман ретінде қалыптасуыма тікелей ықпал еткен Рахман Тілеуов, Мақсым Танабаев, Әбіл Күзембаев, Аманкелді Мұхамедияров деген жақсы ағалар бүгінде бақиға озып кетті» — дейді ол.

Қазіргі таңда компанияға енгізіліп жатқан жаңа технологияларды жетік меңгеру үшін жас мамандарға ерінбей-жалықпай білімдерін үнемі жетілдіріп отырса, нұр үстіне нұр болатындығын айтқан Әбекең күні бүгінге дейін өзінің кәсіби журналдарды жаздыртып алатындығын айтты.

Зейнеткер аға отбасының шырайы бола білген жан жары Жансұлу екеуі үш ұл тәрбиелеп, бүгінде олардан балдай тәтті немерелер сүйіп отыр. Есімін өзі қойған Сағынай деген немересі биыл Алматы қаласындағы Құрылыс және архитектура колледжіне оқуға түсіп, атасын қуанытты.

Бұл күнде зейнеткерлік демалысқа шығып жатқан әріптесімізді осы қуанышымен құттықтай отырып, ұрпағыңыздың қызығын көре беріңіз деген тілек айтамыз.



## МУНАЙШЫЛАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

«Қазгермұнай» БК ЖШС



«Қазгермұнай» БК ЖШС мұнайшылар мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастырып, қызметкерлердің еңбектерін еледі. Мекеме басшылары мен жұмысшылары әуелі Нұралы кен орнында бас қосты. Одан кейінгі сапар Ақшабулақ кен орнында жалғасты. Басшылық үздік мамандарды мақтау қағаздарымен марапаттап, естелік сыйлықтарды табыстады.

Квач Борис жетекші инженер-электрик 20 жылға жуық уақыт мұнай саласында қызмет етіп келеді. ҚР Энергетика министрлігі тарапы-

нан марапатқа ие болды. «Еңбегіңнің лайықты бағаланғанының өзі үлкен бақыт», – дейді ол. Сонымен қатар, Қызылорда облысы әкімінің алғыс хаттары және «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ, «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесурсиз» АҚ Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарымен үздік сала қызметкерлері марапатталды.

Бекзат Тілеубаев, Ақсай кен орнының мұнай және газ өндіру операторы: «Компанияның арнайы жиын жасап, құттықтауы бұл маған ғана емес, бүкіл ұжымға зор ынталандыру

сыйлайды», – дейді.

Жиын барысында компания басшылары сөз сөйлеп, айтулы мерекемен құттықтады. «Компания қызметкерлерімен қуатты. Абыройлы еңбек етіп, еліміздің, компанияның көркеюіне үлесін қосып жүрген майталман мамандар әрдайым марапатқа лайық», – деді компания басшысының бірінші орынбасары Есен Қайыржанұлы өзінің құттықтау сөзінде. Жиын соңы концерттік бағдарламамен жалғасты.

## «Қаражанбасмұнай» АҚ

Мұнайшылар күніне арналған мерекелік шаралар «Қаражанбасмұнай» АҚ-да болып өтті. Қыркүйек айы басталғалы бері қажырлы еңбегі ескірген компанияның көптеген жұмысшыларына марапат табысталды. Өндірісте талай жылдардан бері табысты еңбек етіп, кен орнының жүгін арқалаған мұнайшыларға компания басшылығы атынан алғыс айтылды.



Қаражанбас кен орнындағы Мәдени демалыс орталығында «Қаражанбасмұнай» АҚ бірінші Вице-президенті Ли Тецянь, «АрғымақТрансСервис» ЖШС Президенті Шаттық Кульшиков, «ТұлпарМұнайСервис» ЖШС бірінші Вице-президенті Мэн Цинган құттықтап, 34 мұнайшыға «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ Құрмет грамотасын, Алғыс хатын, сондай-ақ, «KAZENERGY» қауымдастығының Құрмет грамотасын, Маңғыстау облысы

әкімінің Алғыс хатын, «Қаражанбасмұнай» АҚ президентінің Құрмет грамотасын және Алғыс хатын салтанатты жағдайда табыстады. Бұдан бөлек, Өндірістік басқарма директоры Оңғар Қабылов «Үздік маман-2017» сайысында топ жарған мамандарға диплом мен төсбелгілерін табыс етті. Салтанатты шара жалғасын тауып, құқықтық мәселелер және кадр жөніндегі Вице-президент Руслан Макашев алқалы басқосуда спорттық сайыстың жеңімпаздарына

жұлделерін тапсырды. Осылайша, талай жылдан бері атқарылған жұмыстар жоғары бағаға ие болып, мұнайшылардың сіңірген сүбелі үлесіне оң баға берілді.

Соңынан мұнай-газ саласының жүгін арқалаған қауымға Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалық-драма театры өртістері өз өнерлерін ұсынды. Әсем өн мен көркем бимен жалғасын тапқан көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, зор әсер қалдырды.

## «Argumak TransService» ЖШС

### Қызмет нәтижесі қорытындыланғы

«Argumak TransService» ЖШС басшылығы шілде айында кен орнында екі вахтада бірінші жартыжылдықты қорытындылау мақсатында еңбек ұжымымен есеп беру жиналысын өткізді. Кен орнындағы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қозғалыс қауіпсіздігі бойынша топ басшылары Досан Сасықбаев және Мақсат Күзембаев еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша ақпарат беріп, мәліметтерге талдау жасады. Көлік бойынша жетекші инженерлер Ерлан Кайлюбаев және Самат Айтымов автокөліктердің жылдық техникалық байқауының қорытындысымен таныстырып, техникалық байқау өткізу барысында анықталған кемшіліктерді алдағы уақытта қайталамау – әрбір жұмыскердің міндеті екенін атап өтті. Кен орнындағы әлеуметтік мәселелер бойынша жетекші мамандар Шаңбай Ақбердиев пен Байболат Умирзаков әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер және ішкі коммуникация бойынша атқарылған жұмыстар, жылдық жоспарға сәйкес өтіп тұрған мәдени-спорттық шаралар туралы мәлімет берді. Әлеуметтік-әкімшілік мәселе бойынша аға маман Зейнеп Маханбет жұмыскерлердің шипажайда емделуі, балалардың жазғы демалысы,

теңіз жағалауында жұмыскерлердің жазғы демалысының ұйымдастырылуы туралы айта келіп, «Үздік маман» сайысының нәтижесіне тоқталды. Әуелі әрбір вахта бойынша, кейіннен бүкіл мекеме бойынша өткен «Үздік маман» сайысында топ жарған автомобиль жүргізуші Рауан Ұзақбаев, автомобиль жөндеу слесарі Әліби Өтеғали, ЦА мотористері (экипаж) Ғабит Жалғасбаев пен Марат Нугайбаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ деңгейінде өтетін сайысқа қатысады.

Серіктестік басшысы Шаттық Кульшиков бірінші жартыжылдықты қорытындылаған сөзінде мекеменің қаржы-шаруашылық көрсеткіштері туралы айта келіп, жұмыскерлердің өз еңбек міндеттерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарын сақтау, келеңсіз оқиғаларды болдырмау жағдайына



назар аударды. Негізгі көлікке тапсырыс беруші «Қаражанбасмұнай» АҚ өндірістік басқармасына, «ТұлпарМұнайСервис» Серіктестігіне жоғары деңгейде қызмет көрсетіп, мұнай өндіру жоспарымен қоса басқа да өндірістік көрсеткіштердің ойдағыдай орындалуына күш салуға шақырды. Жиналыс соңында мекеме басшылығы жиналысқа қатысушы жұмыскерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

**Зейнеп Маханбет,** Әлеуметтік-әкімшілік жұмыс бойынша аға маман



БІРІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ САЛАЛЫҚ ШАРА ӨЗІНІҢ МЕРЕЙТОЙЫН АЛМАТЫДА АТАП ӨТЕДІ

Қазақстандық халықаралық «Мұнай және газ» көрмесі мен конференциясы – мұнай және газ индустриясындағы бірегей, жыл сайынғы шара. Барлық дүниежүзілік қауымдастық бойынша мұнай және газ саласының дамуы жөніндегі маңызды сұрақтарды талқылауға арналған алаң. KIOGE жыл сайын әлемнің 20 елінен 500 астам компанияларды біріктіреді.

25-ші Мерейтойлық Мұнай және газ Конференциясы – KIOGE 2017 осы жылдың қазан айының 4 және 5 аралығында өтеді. Конференция көптеген маңызды тақырыптарды қамтиды. Қатысушылар компаниялардың мұнайға төмен баға жағдайындағы қызметі, инвестицияларды тарту, көлік инфрақұрылымын дамыту және мұнай өндірудегі тиімділікті арттыру жайындағы өзекті мәселелерді талқылайды. Мұндай пікірсайыстар осы саланың одан әрі дамуы мен маңызды міндеттерді шешудегі нақты қадамдарды белгілеуге арналған.

Конференция бағдарламасына келесі тақырыптар кіреді: ҚР мұнай және газ саласының негізгі көрсеткіштерін шолу, ірі мұнай және газ жобаларын қарастыру және мұнай және газдың жеткізілім бағыттарын ұлғайту.

Іс-шара ҚР Энергетика министрлігінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Алматы қаласы мен Сервистік компаниялар одағының ресми қолдауымен өтеді.

Іс-шараның қолдаушылары: Теңізшевройл, АҚ «Каспий құбыр консорциумы» және SIMONE компаниясы.

Спикерлер – ҚР Энергетика министрлігінің, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компанияның, халықаралық және қазақстандық даму институттарының бірінші басшылары, «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ, DNV GL, «ҚазМұнайГаз» ӨБТҒЗИ ЖШС секілді тағы да басқа үлкен мұнай өндіруші және сервистік компаниялардың өкілдері.

«Ұлттық игілік» арнайы секциясы қатысушыларды қазақстандық мұнайдың тарихымен таныстырады және ашық диалог форматында Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуына және қалыптасуына маңызды үлес қосқан, еңбек сіңірген тұлғалар туралы баяндайды. Әрі қарай конференцияны B2B кездесулер жалғастырады.

KIOGE – нағыз бизнес-платформа. Мұнай-газ қауымының негізгі трендтері дәл осы жерде жыл сайынғы көрме аясында көрсетіледі. Бүгінгі уақытта өзінің қатысуын мынадай үлкен компаниялар растады: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, ТШО, DNV GL және басқалары. Тағы да Қазақстанның және алыс шетел сервистік компаниялары көрсетілген. Орныққан компаниялар мен біріккен кәсіпорындарға көрмеге қатысу серіктестік желілерін кеңейту мүмкіндігін береді, ал стартап компаниялар қазақстандық нарықта қызметтерінің даму бағыттарын табады.

Осы жылғы тәжірибелік семинарлар кадрларды дайындау және мұнай-газ секторындағы сәтті басқару қызметі сұрақтарына, және ТШО, КТК-К үлкен операторларымен жұмыс жүргізу ерекшеліктерін айқындайды.

Көрме бағдарламасы Executive MBA презентациясы мен «Тәуелсіздіктің қара алтыны» атты кітаптың авторы Олег Червинскиймен автограф-сессияны қамтиды.

KIOGE-2017 ұйымдастырушылары Itesa қазақстандық көрме компаниясы және оның серіктесі ITE Компаниялар тобы (Ұлыбритания) болып табылады.



# Мұнайшылар спорт додасына қатысты

Тамыздың соңғы күндерінде Ақмола облысының Зеренді ауылындағы «Сункар» сауықтыру кешені аумағында мұнайгаз өнеркәсібі қызметкерлері күні құрметіне орай «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобының Екінші Спартакиадасының ақтық бәсекелері өтті. Оған ҚМГ компаниялар тобының 30 ұйымынан 300 қызметкер қатысты. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері де жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарды иеленді.



Спорт додасында сала қызметкерлері шағын футбол, волейбол, баскетбол, шахмат, жүзу, армрестлинг, үстел теннисі түрлері бойынша сайысқа түсті. Салауатты өмір салтын насихаттау, спорт пен дене шынықтыруға адамдарды тарту, еншілес ұйымдар қызметкерлері арасында коммуникациялық байланыс орнату мақсатында ҚМГ былтырдан бастап еншілес ұйымдардың қатысуымен екі кезеңді Спартакиада өткізуге шешім қабылдаған болатын.

Сондықтан да Спартакиаданың биылғы ақтық бәсекесіне 7 топтың іріктеу кезеңінің жеңімпаздары жиналды. Іріктеу ойындарына жалпы саны 2500 адам болатын ҚМГ-нің Барлау-өндіру, Мұнай тасымалдау және газ маркетингі, Мұнай өңдеу және маркетингі, Мұнайсервис, Бұрғылау және сервистік жо-

балар бизнес бағыттары бойынша 50-ге жуық ұйым қатысты.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев жарысқа қатысушыларға арнаған сөзінде «Спорттық шаралар «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы өміріне бұрыннан берік орныққан. Спортпен белсенді түрде айналысатын ҚМГ-ның жиырма мыңнан астам жұмысшысы арасында жоғары деңгейдегі спорт шеберлері мен спорт шеберлігіне кандидаттар аз емес. Көптеген еншілес компанияларда жыл сайынғы спартакиадалар өткізіліп жүр. Мұндай корпоративтік шараларды қолдау – ҚМГ басшылығының принципті ұстанымы», – деді.

Үш күн бойы қызметкерлер спорттық доданың көркін қыздырды. Спорттық шараның жабылуы және жеңімпаздарды марапаттау салтанатты



жағдайда жүргізілді.

«Сіздер баршаға үш күндік мереке сыйладыңыздар, «ҚазМұнайГаз» қызметкерлерінің қандай болатынын көрсете білдіңіздер. Ең бастысы, ұжымдарды жақындастырып, қарым-қатынасын, байланысын нығайтсақ деген ниетіміз ақталды. Ойындар кезінде барлық спорт алаңдарында достық пен әріптестік рухы салтанат құрды», – деді «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті Серік Әбденов шараның жабылу рәсімінде сөйлеген сөзінде. Мұнайгаз кешені қызметкерлері салалық кәсіподағы төрағасы Сұлтан Қалиев кейбір спортшыларға кәсіподақтың арнаулы сыйлықтарын тапсырды. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне медальдар мен дипломдар табыс етілді.

## ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ! Скажем коррупции СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты [report@seehearspeakup.co.uk](mailto:report@seehearspeakup.co.uk)

или на сайте

[www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report](http://www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report), также позвонив на следующие телефонные номера (звонок бесплатный):

для русскоговорящих:

8 800 333 3574

для казахскоговорящих

8 800 333 4233

для англоговорящих

8 800 333 4244

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

**Сотрудникам гарантируется анонимность и конфиденциальность.**

## Спорт ойындары тартысты өтті

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 95 жылдығына арналған бағдарламаға сай бірқатар спорттық сайыстар өтті. Спорттық шаралар легі шағын футболдан басталды. Оған сегіз команда: Басқару аппараты, «Жайықмұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» МГӨБ,

«Ембімұнайэнерго», «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармалары мен «KMG EP-Catering» ЖШС қатысып, өзара бақ сынасты. Жеребеге сәйкес бастапқы ойынды Басқарма аппараты мен «Қайнармұнайгаз» командала-

ры бастап, қайнарлықтар басым түсті. Сегіз команда арасындағы тартысты өткен ойын нәтижесінде 1-ші орынды «Жайықмұнайгаз», 2-ші орынды «Қайнармұнайгаз» және 3-ші орынды «Жылыоймұнайгаз» командасы иеленді. Сондай-ақ, Ж.Берденов «Үздік қақпашы», Н.Ищанов «Үздік қорғаушы», Ж.Шуақбаев «Үздік шабуылшы», А.Әтешов «Үздік бомбардир» номинацияларын иеленді.

Волейболдан жарыс та қызықты, талас-тартысты өтті. Мұнда командада ерлер 3 ойыншы және әйелдер 3 ойыншы болып аралас бір команда болып сайысты. Жайықтықтар бұл спорт түрінен де басқалардан оқ бойы озық түсе шеберлік көрсетіп, жүлделі 1-ші орынды иеленді. 2-ші орын жүлдесін доссорлықтар қанжығасына байласа, 3-ші орынды энергетиктер иеленді. Ж.Хасанова, М.Идрисов, А.Есенбаев, С.Исқараев волейбол бойынша үздік ойыншылар деп танылды.

Бильярд ойыны бойынша 1-ші орынды «Жылыоймұнайгаз» командасынан Қ.Жанадилов, 2-ші орынды Басқару аппаратынан Ж.Ильясов, 3-ші орынды «KMG EP-Catering» Атырау филиалы басшысы Э.Хисметуллин жеңіп алды. Жеңіске деген құштарлығы үшін А.Дюсегалиев, Г.Шанканов, Б.Ерекешов, Т.Тажиев арнайы марапатқа ие болды. Спорттың үш түрінен де барлық жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар табыс етілді.



### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ  
ГАЗЕТ Қазақстан Республикасы

Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде  
Есепке қойылып, № 6668-Г кәулігі берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

010000, Астана қаласы,  
Қабанбай Батыр даңғылы, 17 үй,  
11 қабат, 1102 бөлме.

- ◆ ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНДАҒЫ АВТОР ПІКІРІ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- ◆ РЕДАКЦИЯ ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТАРМАЙДЫ.
- ◆ «Мұнайлы мекен» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ.
- ◆ ЖАРИЯЛАНҒАН СУРЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА РЕДАКЦИЯ ЖАУАП БЕРЕДІ.

### ШЫҒАРЫЛЫМДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

Бақдәулет Төлеген – B.TOLEGEN@KMGEP.KZ  
Жұмағұл Темірғали – Zh.TEMIRGALI@KMGEP.KZ  
Бибиғұл Бөбекбай – P.SDSO@UMG.KMGEP.KZ  
Лаура Сүлейменова – L.SULEIMENOVA@EMG.KMGEP.KZ  
Ғалия Қаражанова – G.KARAJANOVA@EMG.KMGEP.KZ  
Қосымғұл Мұқашев – K.MUKASHEV@EMG.KMGEP.KZ  
Алтынгүл Әлішерова – A.ALISHEROVA@KGM.KZ  
Жаңағұл Серікова – Zh.SERIKOVA@KMGEP.KZ  
Гүлзира Бекқұлиева – G.BEKKULIEVA@KMGEP.KZ

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: MUNAILYMEKEN@KMGEP.KZ

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «SAMRUK INVEST GROUP» ЖШС  
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.

Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар - АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17  
Тел.: +7 (7132) 21 19 30